

ӘОЖ 327(4/9)

Ж.Б. Момынқұлов\*, Б.М. Балаубаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*E-mail: janatmom@bk.ru

### Қазақстанның Орталық Азиядағы қауіпсіздік стратегиялары

Орталық Азияның тұрақтылығы туралы сөз болғанда сыртқы геосаяси күштер мен олардың аймақтық саясаты көп айтылып, аймақтың ішкі факторлары ұмыт қалдырылады. Қазақстанның қауіпсіздік және тұрақтылық саясатының негізін қазақ халқының бейбітшіл дүниетанымы мен тарихи тәжірибесі құрауы тиіс. Қазақстанның тұрақты, ашық, төзімді және бейбіт ел ретінде танылуының негізінде жергілікті жүйекұраушы фактор – қазақ ұлтына тән терең қауіпсіздік ұғымы мен бейбіт тепе-теңдік түсінігі жатыр. Қазақстанның Орталық Азия қауіпсіздігіндегі үлесі мен стратегиялары өте үлкен маңызға ие болуда. Қазақстандағы тұрақтылық бірінші кезекте қазақтардың арқасында және солардың ұлтқұраушы мүдделеріне сай жүзеге асырылып отыр. Орталық Азия бос саяси алаң, идеологиялық бостық емес. Аймақта жергілікті динамикалар күшейіп келеді. Қазақтар – Еуразия мен Орталық Азиядағы ең бейбіт, космополит және кең ойлайтын халық. Қазақстан – аймақтың ең тыныш және бейбітшіл елі. Қазақстан – Орталық Азия аймағының қауіпсіздігі мен тұрақтылығы үшін ең көп күш жұмсайтын мемлекет. Қазақстанның қауіпсіздік стратегияларының негізін қазақы үлгідегі қауіпсіздік ұғымдары құрауы тиіс. Орталық Азияның келешегінде Қазақстанның, қазақтардың атқаратын қызметі зор болмақ. Ол үшін Орталық Азия елдері қауіпсіздік мәселесінде ынтымақтасуы қажет.

**Түйін сөздер:** қауіпсіздік, стратегия, Қазақстан, қазақ халқы, Орталық Азия, тұрақтылық, аймақ, бейбітшілік, диалог.

Zh.B. Momynkulov, B.M. Balaubayeva

#### Security Strategies of Kazakhstan in Central Asia

Stability of Central Asia is often considered as an object for external geopolitical forces in the frame of their regional strategies. But, the domestic factors are used to be ignored as usual. Stability and security of Kazakhstan is based on peaceful worldview and historical experience of Kazakh people. Kazakhstan is considered by the all nations as stable, open, tolerant and peaceful people because of profound conception of security and search for flexible balance by the Kazakhs. Kazakhstan's security strategies in CA gain more importance. Stability in Kazakhstan is mainly reached on the account of flexibility of Kazakh people. Central Asia is no more ideological vacuum. Local dynamics gain momentum and are on the focus. Kazakhstani people are the most peaceful, cosmopolitan and modern-thinking nation in the region. Kazakhstan is the most silent and stable state in CA. Kazakhstan is the most caring about the security and stability of the region. Security strategies of Kazakhstan must be based on Kazakh-style security concepts and notions. In the near future, role of Kazakhstan as a stabilizer-country will only strengthen. But, the stability of CA states needs more cooperation and interaction between them.

**Key words:** security, strategy, Kazakhstan, Kazakhs, Central Asia, stability, region, peace, dialogue.

Ж.Б. Момынқұлов, Б.М. Балаубаева

#### Стратегии Казахстана по обеспечению безопасности в Центральной Азии

При изучении стабильности Центральной Азии экспертами акцент делается на внешних геополитических силах и их региональных стратегиях, а внутренние факторы региона предаются забвению. Основу стратегии Казахстана по обеспечению стабильности и безопасности должны составлять такие факторы как концепт о мирном сосуществовании народов и философия ненасилия, которые наглядно присущи казахскому народу. В основе того, что Казахстан признан стабильной, открытой, толерантной и мирной страной лежит глубокое понимание безопасности и мирного равновесия, которое также присуще местному населению РК. Роль Казахстана по обеспечению региональной безопасности все усиливается. Внутренняя стабильность Казахстана связана с устойчивостью системообразующего фактора – общественного согласия и межэтнической договоренности. Центральная Азия уже не является идеологическим вакуумом. В регионе постепенно укрепляются внутренние силы. Казахи, т.е. казахстанцы – самое миролюбивое, космополитичное и открытое общество в ЦА. Усилия Казахстана по укреплению стабильности в ЦА начинают приносить результаты. Проказахская концепция без-

опасности должна составлять каркас и суть национальной стратегии Казахстана по обеспечению внутренней и региональной безопасности и стабильности.

**Ключевые слова:** безопасность, стратегия, Казахстан, казахи, Центральная Азия, стабильность, регион, мир, диалог.

Орталық Азия аймағы – қауіпсіздік тұрғысынан алғанда дүниежүзінің ең маңызды да күрделі аймақтарының бірі. Еуропаны Қытаймен, Ресейді Ислам әлемімен байланыстыратын Орталық Азия аймағы геостратегиялық орналасуы жағынан бірнеше ірі аймақтардың қауіпсіздік жүйелерінің түйіскен нүктесінде орналасқан. Сонымен қатар Орталық Азияның Ресей, Қытай, Еуропа, Үндістан, Иран, Пәкістан және Түркия сияқты ықпалды күштердің арасында тығыз орналасуы бұл аймақтың геосаяси рөлін де арттыра түсуде. Әсіресе Ресей, АҚШ және Қытай сияқты үлкен күштердің осы аймаққа қатысты геосаяси жобалары мен геоэкономикалық мүдделері үнемі ескерілуі қажет.

Иранның ядролық бағдарламасына байланысты туындаған келіспеушіліктер, Ауғанстандағы белгісіздік кезеңінің әлі аяқталмауы, Кавказдағы шиеленістің аймаққа жағымсыз ықпал ету қаупі, радикалды исламизм пен діни экстремизмнің көрініс беруі, Каспий теңізі мәртебесінің әлі күнге шейін айқындалмауы, тіпті, Шығыс Түркістан мәселесі, Орталық Азия елдер арасындағы су және жер ресурстарына қатысты келіспеушіліктердің болуы сияқты бірнеше күрмеулі мәселелер аталмыш географияның қаншалықты күрделі екендігін көрсетеді.

Орталық Азия үшін қауіпсіздік ұғымы тұрақтылықты білдіреді. Тұрақтылық дегеніміз – осы аймақтың әр түрлі сыртқы және жағымсыз әсерлерге қарсы қорғана білуі. Орталық Азия қауіпсіздігінің елдік, аймақтық және сыртқы үш өлшемін атауға болады.

Орталық Азияның ең тұрақты елі ретінде Қазақстанды атаған қисынды. Орталық Азияда мемлекет деңгейінде ұлтаралық тұрақтылықты сақтап, әртүрлі қақтығыстардан өзін алыс ұстаған елдерге Қазақстанды және салыстырмалы түрде Түрікменстанды жатқызуға болады. Тәжікстанда 90-шы жылдарда болған азаматтық соғыс, кейін, Таулы Бадахшан аумағындағы оқиғалар, қазіргі кезге дейін шешілмеген терең әлеуметтік және экономикалық мәселелер;

Қырғызстанда 2000 жылдардың соңындағы «демократиялық» өзгерістерге байланысты туындаған дағдарыстар, Жалалабад пен Оштағы қайғылы оқиғалар, халықтың күрделі әлеуметтік-экономикалық ахуалы; Өзбекстанда 2005 жылы орын алған Әндижан оқиғалары, халық санының жылдам өсімі, су ресурстарына байланысты туындаған экономикалық қиындықтар аймақтағы мәселелердің өте күрделілігін көрсетеді. Десек те, Қазақстанда да ешкім күтпеген жағымсыз оқиғалар орын алды. Мысалы, діни әсірешілдердің бірнеше лаңкестік оқиғалар ұйымдастыруы, 2011 жылғы Жаңаөзен оқиғасы Қазақстанда да кейбір шешілмеген қауіпсіздік мәселелердің болғанын көрсетті.

Сарапшы Ерлан Кариннің ойынша, Орталық Азияның мәселелерін екі топқа бөліп қарастыру қажет. Біріншіден, «аймақтағы елдердің кейбір қатынастарының белгілі деңгейде бұзылғандығын» айту керек. Су ресурстары мен жер мәселесі кейбір елдердің арасында үлкен келіспеушіліктер туғызуда. Бұл келіспеушіліктер шешілмеген жағдайда аймаққа төнген қауіп-қатерлерге қарсы ұжымдық қорғану мәселесі де өте күрделене түседі. Әсіресе, шекара мәселелерінің толық күйде шешілмеуі аймақтағы елдер арасындағы қатынастардың тепе-теңдігіне кері әсер етіп, аймақтық сенім мен тұрақтылыққа зиян келтіреді.

Өзбекстанға келсек, аймақта тұрақтылықтың қамтамасыз етілуі, Ауғанстандағы жағдайдың жақсаруы, шекараларға жақын су ресурстарының тиімді пайдалануы, ішкі тұрақтылықты сақтау мақсатында жұмыс істеуде. Десек те, Өзбекстанның Тәжікстан мен Қырғызстанмен арадағы қатынастары көптеген күрделі мәселелерді де қамтиды.

Орталық Азия елдері арасындағы қатынастар ішкі саяси дағдарыстың күшеюіне және жаңа сайлаулар кезеңінің жақындауына байланысты жергілікті элиталар арасындағы шиеленістің артуы жағдайында дамуда. Орталық Азияның қауіпсіздігі бұл аймақтағы елдердің өздеріне байланысты болуымен бірге Ресей, Қытай және АҚШ сияқты күшті орталықтардың да

үйлестірілген және тендестірілген қолдауына сүйенеді. ШЫҰ және ҰҚКҰ секілді аймақтық қауіпсіздік саласында қызмет жасап жатқан халықаралық құрылымдар Орталық Азияда қауіпсіздіктің нығаюы үшін мейлінше жасампаз, икемді және жұмсақ ұстаным ұсынып, аймақтағы елдердің қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығын барынша қолдауы тиіс. Өйткені ресми мәліметтер бойынша, аталмыш үш алпауыт ел де Орталық Азияның экономикалық дамуын, саяси тұрақтылығын, әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуін қалайды.

Өзірше, аймақтағы елдер қауіпсіздік сияқты басқа да мәселелер бойынша өте нәтижелі ынтымақтастық жүргізіп отыр деп айта алмаймыз. Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелері тек Ауғанстандағы жағдаймен ғана байланысты емес, бұған қоса аймақтың ішкі мәселелерімен де тығыз байланысты. 2014 жылы ІSAF (Қауіпсіздікке қолдау көрсету жөніндегі халықаралық күштер) коалиция күштерінің Ауғанстаннан шығарылуы Орталық Азиядағы қауіпсіздік жағдайының нашарлауына да алып келуі мүмкін. Бұл жағдай Орталық Азияның аймақтық қауіпсіздік жүйесінің біршама әлсіреуі тұрғысынан алғанда қауіпті. Есірткі сияқты заңсыз сауданың Ауғанстаннан бастау алатыны да жалпыға мәлім [1, 2 б.].

Кейбір сарапшылардың айтуынша, 2014 жылдан соң АҚШ Орталық Азиямен тығыз қатынастарды дамытып, аймақтың мәселелерімен жақыннан айналыса бастауы ықтимал. Басқа саясаттанушылардың айтуынша, Орталық Азия АҚШ үшін тек табиғи ресурстардың экспорттаушысы болып қана қалады. Десек те, үлкен геосаяси ойынның бір бөлігі болып табылатын Ауғанстан жобасы «Үлкен Орталық Азия» идеясымен де байланысты. Ресей болса, аймақтың қауіпсіздігіне деген жауапкершілікті өз мойнына алып, Еуразия Одағы және ҰҚКҰ сияқты жобаларының көмегімен аймаққа экономикалық және әскери құралдар арқылы ықпал етпекші. Кейбір мамандар Ресей мен Қытайдың Орталық Азияны бірге бағыттау мәселесінде бейресми түрде өзара келісіп алғандығын алға тартуда. Бұл мәлімет рас болса, АҚШ-тың да Орталық Азияда болуы қажеттілікке айналуы мүмкін. Қытайға келсек, Түрікменстан-Қытай табиғи газ құбыры және Батыс Қазақстан-Қытай мұнай құбырлары сияқты өзінің энергетикалық қауіпсіздігіне

қатысты жобаларға көбірек мән беруде. Бұл жайт, Қазақстан, Өзбекстан және Түркіменстан сияқты табиғи ресурстарды экспорттайтын елдер үшін мүмкіндігінше тәуелсіз және анағұрлым тиімді энергетикалық саясат жүргізу, әртүрлі рисктер мен тәуекелдерді азайту тұрғысынан өте маңызды. Аталған үш елдің барлығы да өз энергетикалық жобаларының жүзеге асырылуы үшін аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықтың қамтамасыз етілуіне көп көңіл бөлуде.

Осылайша, үлкен күштер бұл аймақтың қауіпсіздігі мен тепе-теңдігін сақтау үшін ортақ жауапкершілікке ие болып отыр. Бірақ аймақшылдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінде негізгі жауапкершілік Орталық Азия мемлекеттерінің мойнына жүктелген. Орталық Азияның қауіпсіздігі алдымен осы аймақтағы елдердің өздеріне байланысты. Бұл мәселеде Қазақстанның қосқан үлесі өте қомақты. Қазақстан шекараларға қатысты барлық мәселелерді түбегейлі шеше алған Орталық Азиядағы жалғыз мемлекет. Сондай-ақ Қазақстанның ешбір көршісімен ешбір күрделі мәселесі жоқ. Қазақстандықтардың немесе қазақ халқының төзімділігі мен кеңпейілділігінің арқасында елімізде ешбір этникалық топпен немесе өзге ұлтпен айтарлықтай қақтығыстар орын алған емес.

Қазақстанның ШЫҰ, ҰҚКҰ, НАТО, ЕҚЫҰ, ИЫҰ секілді халықаралық құрылымдармен ынтымақтасуы Орталық Азияның тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан алғанда өте маңызды. Орталық Азияның қауіпсіздік жүйесінің ары қарай жетілдірілуі үшін аймақтағы елдердің өзара ынтымақтастықты арттырулары қажет.

Орталық Азияның тұрақтылығы туралы сөз болғанда көбінесе сыртқы геосаяси күштер мен олардың аймақтық саясаты туралы көп айтылып, аймақтың ішкі факторлары ұмыт қалдырылады. Қазақстанның қауіпсіздік және тұрақтылық саясатының негізін қазақ халқының бейбіт қатар өмір сүру дүниетанымы мен пацифистік философиясы құрауы тиіс. Қазақстанның тұрақты, ашық, төзімді және бейбіт ел ретінде танылуының негізінде жергілікті фактор – қазақ ұлтына (қазақстандықтарға) тән терең қауіпсіздік ұғымы мен нәзік тепе-теңдік түсінігі жатыр. Орталық Азияның қауіпсіздігіндегі Қазақстанның үлесі мен стратегиялары өте үлкен маңызға ие болуда. Қазақстанда тұрақ-

тылықтың орнауы бірінші кезекте бейбіт халық – қазақтардың арқасында (есебінен) және солардың ұлтқұраушы мүдделеріне сай жүзеге асып отыр [2, 76 б.].

Сөзіміздің дәлелді болуы үшін нақты айғақтарды келтірейік. Қазақстан ЕҚЫҰ, ИЫҰ, ҰҚҚҰ, АӨСШК және ШЫҰ сияқты ұйымдарды басқара білген орташа мемлекет. Қазақстанның еуразиялық, түркі, мұсылман, Орта Азиялық сипаттары оның философиялық, мәдени және саяси ұстанымына да әсер еткен. Қазақстан Еуразия құрлығында жаңа қауіпсіздік архитектурасының құрылуы, ТМД аумағында жаңа қауіпсіздік ұғымының қалыптастырылуы, Еуропа-Шығыс әлемдері арасында түсіністік көпірінің құрылуы, АӨСШК шеңберінде Азия кеңістігінде сенім мен қауіпсіздіктің нығайтылуы, «Жібек жолы» ескі сауда жолдарының қайта жаңғыртылуы, Орталық Азия одағы идеясының жетілдірілуі, Еуразияда дінаралық диалогтың орнауы, Түркі елдерінің ынтымақтасуы, Ауғанстанға гуманитарлық көмектің көрсетілуі, Иран ядролық бағдарламасының талқылануы, Орталық Азияда қауіпсіздікті қамтамасыз ету сияқты халықаралық және аймақтық қауіпсіздікті сақтау шараларына үлкен үлес қосып келеді. Қазақстан өзінің ядролық арсеналынан өз еркімен бастартқан бейбіт елдердің бірі ретінде ядролық қарусыздануда да көшбасшы қатарында. Қазақстанның ядролық қарудан бастартуы агрессиялық ел болудан гөрі жауы жоқ, бейбіт ел болғысы келгендігінің бірден-бір дәлелі. Бұл да елбасының ерік-жігерімен қатар қазақ халқының бейбіт дүниетанымдық көзқарасымен тікелей байланысты.

Қазақстанда 2013 жылы Иран ядролық мәселесіне байланысты 5+1 тобының екі кездесуі, Ауғанстан мәселесі бойынша кездесулер, Астанада Еуразия халықаралық медиа форумы өтті. Бұл шараларды өткізу арқылы Қазақстан халықаралық қауымдастыққа маңызды белгі берді. Қазақстандықтар, оның ішінде қазақтар бүкіл әлемге бейбітшілік, төзімділік, қауіпсіздік, сыйластық, ілгерілеу және диалог сияқты рухани түсініктерді жеткізгісі келеді. Бұл жерде қазақ ұлтының үлесін әсірелеп тұрған жоқпыз. Қазақстан – тыныштық пен тұрақтылықты қалайтын мемлекет. Қазақстан диалог, түсіністік, қауіпсіздік пен сенімді орнату бағытында өз саясатын жүргізуде. Әлемнің

күшті орталықтарынан «тұрақтылық» сөзін жиі естілгенімен, «диалог» (түсіністік) сөзі сирек естіледі.

Қазақстан Астана ЕХРО-2017 көрмесін ұйымдастыру арқылы өзін әлемге танытқысы, жарнама жасағысы, көкжиегін кеңейткісі, әлемдегі өзгерістерді дұрыс түсінгісі, дүниежүзіндегі үрдістерге интеграцияланғысы, әлемге ашылғысы келеді. Бұлар мәселенің жәй үстіртін себептері ғана.

Кейбір шетелдік сарапшыларды геосаяси ықпалы шектеулі Қазақстанның неліктен осыншама көп геосаяси істермен айналысатындығы, жоғары деңгейдегі жиындарды жиі ұйымдастыратындығы, соларға үлкен қаржы салатындығы қызықтырады. Қазақстан жүргізіп отырған тұрақтылық саясатының дұрыс түсінілуі аймақтағы көршілес елдерді жаңа диалог пен ынтымақтастық кезеңіне жетелеуі мүмкін.

Қазақстанның қауіпсіздік стратегиялары үш философиялық негізге сүйенуі тиіс.

*Орталық Азия бос саяси алаң, идеологиялық бостық емес.* Қазірге дейін Орталық Азия үлкен күштер тарапынан субъектіден гөрі объект ретінде қарастырылып келді. Десек те, аймақтың үш экономикалық ұстыны Қазақстан, Өзбекстан және Түрікменстан дамудың жаңа үлгілері мен ішкі қуат көздерін белсенді түрде іздеуде, айналасын қайта бағалауда, ішкі өзгерістерді басынан өткізуде. Тәуелсіздік жылдарында кімнің дос, кімнің бәсекелес екендігін өздерінше түсініп, белгілі тәжірибе жинақтаған. Әзірше Орталық Азия әлсіз аймақ ретінде үлкен көршілерінің қысымын сезінуде. Аймақта Ресей мен Қытайдың қысымын біраз азайтатын балама күшке қажеттілік сезілуде. Бұл күштерге мамандар Түркия, Үндістан және Иранды жатқызады. Бұл тұрғыда Түркияның орны ерекше. Түркия 90-жылдары Орталық Азияда күрделі стратегиялар жетілдіріп, ақылды саясат жүргізуге теориялық, психологиялық және институционалды тұрғыдан дайын болмады. Қазір Түркия өз күшіне сенген, ықпалды ойыншыға айналды. Қазақстан Түркиямен тең және прагматистік қатынастар орнатқан жөн. Батыс қазір өз экономикасымен шұғылдануда және Ресейдің аймақтағы ықпалын әлсіретуге күш жұмсағысы келмейді. Орталық Азиядағы ішкі динамикалар мен жергілікті факторларды түсіне алмау, кең ауқымды стратегия дамыта алмау Түркияның Орталық

Азиядағы саясатындағы басты мәселелері болып табылады.

Ресей мен Қытайдың ұқсас бәсекелестік саясаты және Батыстың екі қырлы саясаты жергілікті элита үшін бір белгі. Ресейдің басты стратегиясы аймақтағы статус-квоны сақтап қалуға бағытталған.

*Қазақтар – Еуразия мен Орталық Азиядағы ең бейбіт, космополит және әлемдік деңгейде ойлайтын ұлт.* Қазақстан – аймақтың ең тыныш және бейбітшіл елі. Қазақ халқының философиялық және дүниетанымдық көзқарасы адамның өзіне негізделген, яғни антропоцентристік сипатқа ие. Бұл көзқарасқа сәйкес барлық адамдар нәсілі, діні мен түсіне қарамастан бір-біріне көрші, қонақ және бауыр. Қазақтар (Қазақстан) Еуразияның жаңадан күшейіп келе жатқан тың ойыншысы. Алдағы 20 жылда Қазақстан ұлт-мемлекет моделіне өте бастауы мүмкін. Қазақ тілі мен мәдениетінің бүкіл қазақстандықтарды біріктіретін ең күшті құрал екендігі ашық айтылууда.

Қазақстан – Еуразияның төрінде ерекше орынға ие ел. Ғасырлар бойы Қазақ жері Батыс пен Шығыс арасындағы әртүрлі империялар мен мәдениеттердің жалғастырушысы болып келгендіктен, оның халқы да бөтен мәдениет пен пікірлерге төзімшіл болып өсті, толерантты болып қалыптасты.

Орталық Азиядағы жергілікті динамикалар мен ішкі күштер КСРО кезінде де әлсіретіліп, бейтараптандырылса да, толықтай жойыла алмады. Қазір, аймақ күшеюде, жаңадан күш жинауда, түлеуде. Бұл жерде біз жергілікті ұлтшылдықтан гөрі аймақтағы интеллектуалдық, демографиялық, қоғамдық, ұлттық, аймақ-шілік, экономикалық, мәдени факторлардың ықпалдасуы туралы айтып тұрмыз. Қазақстанның аймақтық қауіпсіздік істерінде жасампаз рөл атқарғанын елбасы ғана емес, алдымен, бүкіл Қазақстан халқы қалайды. Қазақстанның саяси құндылықтары мен ұлттық қауіпсіздік стратегияларының негізін қазақы дүниетаным мен философиялық түсініктер құрауы тиіс. Қазақстанда ішкі тұрақтылықтың орнауына қазаққа тән көшпенділік дүниетанымның, сопылық жұмсақ исламның, «Кеңес халқы» жобасының, Назарбаев феноменінің, ішкі қауіпсіздік саясатының әсері зор болды. [3, 1-2 б.].

*Қазақстан – Орталық Азия аймағының қауіпсіздігі мен тұрақтылығы үшін ең көп*

*күш жұмсайтын мемлекет.* Қазақстан, Иран, Ауғанстан, Қырғызстан мен Өзбекстан сияқты мазасыз мемлекеттермен қоршалған. Таяу Шығыс пен Орта Азия халықтарының ең үлкен мәселесі білімсіздік пен кедейлік. Яғни білім мен адами даму деңгейінің төмендігі діннің, қоршаған орта мен дүниенің қате түсінілуіне алып келеді. Білім мен экономика әлсіз болған сайын, жұмыссыздық та арта түседі. Қазақстанда Түркия мен Малайзиядағыдай исламның толерантты және жұмсақ үлгілеріне қолдау көрсеткен жөн. Салафи және такфири топтар толеранттылық пен қоғамдық келісім мәселесінде пайдалы пікір ұсына алмасы да анық. Президент Н. Назарбаев айтқандай, мұсылман әлемі жаһандық экономикалық өзгерістер мен саяси үрдістерге бейімделуі керек.

Ауғанстандағы ахуалдың қалпына келіп, тынышталуы Қазақстан үшін расында өте маңызды. Қазақстан – Ауғанстанға жәрдем берудің толық, жан-жоспарын әзірлеген жалғыз Орталық Азиялық мемлекет. Орталық Азия жаңа өзгерістер кезеңіне аяқ басып отыр. Осы тұрғыда аймақтық қауіпсіздік мәселесі үлкен мәнге ие болары сөзсіз. Бірақ 2014 жылы ISAF әскерлерінің Ауған жерінен шығарылуы аймақта өмірдің аяқталғанын білдірмейді. Өкінішке орай, Ауғанстан әлі аймақтық тұрақсыздық пен экстремизмнің ошағы болып отыр [4, 2 б.].

Қазақстан Орталық Азия елдерінің тұрақтылық пен бейбітшілікте өмір сүргендігін қамтамасыз ету мақсатында қолынан келгенше әрекет етуде. Қазақтар өздеріне тән терең қауіпсіздік ұғымдарын аймақтағы басқа халықтармен бөлісуі қажет. Мәселелердің қақтығыс пен соғыс жолымен шешілмейтіндігін халқымыз өте жақсы түсінген. Әрбір халық тұрақтылықты, өрлеу мен бейбітшілікті таңдайды. Қазақстан қоршаған ортасы тұрақты, тыныш болғанда ғана бірқалыпты дами алады. Тұрақты, сенімді және қауіпсіз көршілермен қоршалған мемлекет әртүрлі сыртқы қауіптерден қорғалған деуге болады [5, 2 б.].

Кез келген ұлттың күшеюі, жаңалануы, өсуі және дамуы тек тұрақты жағдайда ғана жүзеге асады. Міне, қазақ халқына тән қауіпсіздік ұғымы осындай. Егер әрбір ел осындай байсалды ұстанымға ие болғанда, аймақта және дүниеде бейбітшілік пен сенімділік салтанат құратын еді. Қазақстанның қауіпсіздік стратегияларының негізін қазақы үлгідегі қауіпсіздік ұғымдары құрауы тиіс.

**Әдебиеттер**

1. Назарбаев Н. Ауғанстан маңызды тарихи кезеңге аяқ басқалы тұр // «Егемен Қазақстан» ұлттық республикалық газеті. № 116, 27 сәуір 2013 ж. б. 1-2.
2. Claude Salhani. «Islam without a veil. Kazakhstan's Path of Moderation». Potomac Books. Washington D.C. 2011. P. 201.
3. Ашық үнқатысу алаңы // «Егемен Қазақстан» ұлттық республикалық газеті. – № 115, 26 сәуір 2013 ж. б. 1-3
4. Төрежан Қ. Ауғанстан мәселесі Алматыда қаралды // Айқын республикалық қоғам және саяси газеті. №75, 27 сәуір 2013 ж. б. 1-2.
5. Серікова Ж. Нурсұлтан Назарбаев: Геополитическое легкомыслие дорого обходится человечеству // Известия Казахстана. – № 77, 26-28 апреля 2013 г. стр. 1-2.

**References**

1. Nursultan Nazarbayev. Auғанstan manızdı tarihi kezenge kadam baskalı tur. Egemen Qazaqstan Ulttıq Respublikalıq Gazeti. № 116. 27.04.2013. b. 1-2.
2. Claude Salhani. Islam without a veil. Kazakhstan's Path of Moderation. Potomac Books. Washington D.C. 2011. P. 201
3. Aşıq Ünkatisu Alanı. Egemen Qazaqstan Ulttıq Respublikalıq Gazeti. № 115. 26.04.2013. b. 1-2-3.
4. Törejan K. Auғанstan Maselesi Almatıda Karaldı. Aykın Respublikalıq Qoғamı jane sayasi gazeti. № 75. 27.03.2013. 1-2 bet.
5. Juldız Serikova. Nursultan Nazarbayev: Geopolitiçeskiye legkomisliye dorogo obhoditsya çeloveçestvu. İzvestiya Kazahstan. № 77.26-28.04.2013. str. 1-2.